

ӘОЖ 801.311 (574)

Геогр. ғылымд. докторы

Қ.Т. Сапаров<sup>1</sup>А.М. Нурпейсова<sup>1</sup>**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ НОМИНАЦИЯЛАНУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Кілт сөздер:** гидроним, потамоним, лимноним, гелоним, номинация, индикатор-термин.

*Мақалада Қостанай облысының географиялық нысандар атаулары құрамының көп бөлігін құрайтын гидронимдерді номинациялау ерекшеліктері қарастырылды. Гидронимдер номинациялану ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, кеңістіктік таралуы мен шоғырлануына ықпал ететін бірнеше факторлар көрсетілді. Қостанай облысында кездесетін 2000-нан астам гидронимдердің терминдік құрамы анықталып, диаграмма түрінде бейнеленді.*

**Кіріспе.** Физикалық - географиялық нысандардың үлкен бір тобы болып су нысандары саналады. Ғылыми әдебиеттерде су нысандарының атауы гидроним (грек тілінен аударғанда «гидро» - су, «оним» - атау) терминімен аталады. Н.В. Подольская гидронимге мынадай анықтама береді: «Кез келген су нысаны, ол табиғи немесе жасанды болсын өзіне тән атауға ие. Осы атаулардың жиынтығын гидронимдер деп атаймыз. Гидронимдерді зерттеу барысында кез келген су нысанын, соның ішінде потамонимдерді (өзен атаулары), лимонимдерді (көл, тоған атаулары), гелонимдерді (батпақтың, кез келген батпақтанған жердің атаулары) танып білу қажет» [9].

Қазақтың географиялық терминдері Қазақстан аумағының табиғи ерекшеліктерін айқындайды, олардың көбісі бедер, гидрография, өсімдік әлемі және ландшафтқа толық қатысты. Көшпенді өмір сүру қазақтарда шаруашылықты жүргізу үшін өз аумағының табиғи ерекшеліктерін қолдануға қажет байқампаздықты дамытты. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтар жайылымның түрлі ерекшеліктерін бөлшектеп білумен қатар (бедер ерекшеліктерін, климат,

---

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан


өсімдік жамылғысы, су көзінің сипатын, оның қолдану кезеңін, әртүрлі малдың түрлері үшін қажеттілігі, т.б.) көшу жолында бағыт-бағдар болатын ландшафттың ұсақ ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туғызды.

Сондықтан да бедер, гидрография және өсімдік әлемінің ерекшеліктерімен байланысты географиялық терминдер қазақтарда көп болуымен негізделеді [5].

Қазақстан аймақтары бойынша гидронимдер жүйесі отандық ғалымдар Ғ. Қоңқашбаев, В.Н. Попова, Г.Б. Мадиева, Ж.Д. Достай, К.Д. Каймулдинова, А. Омарбекова, Ә.Е. Аябекова, Қ.Т. Сапаров, А.О. Мақанова, Ө. Сағымбай, К. Мамбеталиев, А.Е. Егінбаева, т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, талқыланған. Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан Павлодар облысының гидронимдерін геоэкологиялық тұрғыдан зерттеген ғалым Қ.Т. Сапаровтың еңбектерінде 1287 гидроним анықталған. Оның ішінде 925 көл атауы, 199 өзен атауы, 163 атау табиғи және жасанды су көздері және батпақ атаулары көрініс тапқан [10]. Ғалым «Гидрометеорология және экология» журналына басып шығарған «Гидронимы и характеристика рек Павлодарской области» атты мақаласында аймақтың гидрографиялық терминдерін сипаттап жазған [11]. Бірақ әлі де Қазақстанның кейбір жеке аймақтары бойынша, оның ішінде Қостанай облысы гидронимдер жүйесі географиялық тұрғыдан ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қостанай облысының гидрографиялық жүйесі өзен желісінің әлсіз және біркелкі емес таралуымен сипатталады. Өзен желісі тек облыстың солтүстік және оңтүстік бөліктерінде біршама таралған. Солтүстікте Тобыл жүйесіндегі жазық өзендері, оңтүстігінде Торғай алабының өзендері қалыптасқан. Облыста ұзындығы 10 км-ден астам 300-ден астам өзен бар. Олардың көпшілігі негізгі су ағындары болып табылады. Ұзындығы 100 км - ден астам - 21, ұзындығы 500 км - ден астам - 2 өзен бар. Барлық өзендердің басым бөлігі қармен, жауын – шашынмен және жер асты суларымен қоректенеді, бірақ су тасқындарының сипаты мен ұзақтығы әртүрлі. Қостанай облысы территориясының өзен суларымен қамтамасыз етілуі жалпы аумағының 2,6 %-ын құрайды, сондықтан облыстың осы көрсеткіші республика бойынша үшінші орынды алып отыр. Ірі көлдері: Құсмұрын (460,2 км<sup>2</sup>), Ақкөл (63,3 км<sup>2</sup>), Тіртүйір (54,3 км<sup>2</sup>), Сарыкөл (37,9 км<sup>2</sup>), Сарыоба (28,8 км<sup>2</sup>), Жақсыалакөл (25 км<sup>2</sup>) және т.б [2].

Біздің зерттеулерімізде облыстың топонимикалық жүйесінде географиялық нысандар атаулары құрамының көп бөлігін гидронимдер құрайтындығы анықталды. «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» 14 томы материалдарының негізінде Қостанай облысының аумағында 2151 гидронимдер жүйесі жинақталды [7]. Гидронимдер құрамына потамонимдер саны – 324 атау, лимнонимдер – 1168 атау, гелонимдер – 588 атау, микрогидронимдер – 71 атаумен негізделген (сурет 1).



Сур.1. Қостанай облысы аумағының гидронимдерін топтастыру

Ғ. Қонқашбаев, В.Н. Попова, К. Каймулдинованың еңбектеріндегі географиялық терминдерді ескере отырып, Қостанай облысы су нысандары атауларындағы индикатор-терминдердің топтамалық кестесін құрастырдық (кесте 1).

Кесте 1

Қостанай облысы су нысандары атауларындағы индикатор терминдер

Гидронимдер	Индикатор-терминдер
Потамонимдер (өзен атаулары)	ақсай, ақсу, айырық, ашысу, бұлақ, жылға, қарасу, мұқыр, сай, соқыр, су, өзек, өзен
Лимнонимдер (көл атаулары)	ақкөл, астау, арал, аяқ, ащы, бидайық, батпақ, жалаңаш, жалпақ, жалтыр, жар, көл, көлшік, қамыс, қоға, қопа, құдық, құлақ, құм, сор, тал, тас, такыр, теңіз, томар, тұз, шұқыр (шұңқыр)
Микрогидронимдер (табиғи және жасанды су көздері)	бұлақ, көл, құдық, сай

Индикатор-терминдерде табиғатты пайдалануға қажетті географиялық ақпарат жинақталған. Бұл ақпарат негізінде су нысандарының басты сипаттамалары (сулылығы, суының сапасы, тереңдігі, көлемі, ұзындығы, жер бедері, өсімдікпен қамтамасыз етілуі және т.б.) жатыр. Гидронимдердің мағынасын талдауда индикатор - терминдердің маңызы зор болып табылады.

Зерттеу материалдарының негізінде облыс аумағындағы гидронимдер бірлестігін номинациялану ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп қарастырдық:

1. Қоршаған орта ерекшеліктерін көрсететін гидронимдер (60,3%).

1.1. Орографиялық пішіні, көлемі, тереңдігі және қасиетін бейнелейтін гидронимдер. Потамонимдер: *Баласай, Екіқызсай, Қойтас, Тіксай, Тереңсай, Бала Терісаққан, Жанама, Кең, Кіші Бетағаш, Молкөл, Орта Жалаулы, Сайызсу, Жалдама, Жаңақасқа* және т.б. Лимнонимдер: *Оймақкөл, Шұқыркөл, Астаусор, Кіші Алакөл, Кішкене, Ұзынсор, Үлкен Ақсуат, Домалақ, Дөңгелексор, Жайылған, Жіңішке, Кеңсуат, Келте, Мұқыр, Ортакөл, Тұңғиықты, Шойтабан, Ескіқара, Можық, Жақсыболған, Жаманай, Сапалы* және т.б. Гелонимдер: *Биіктаскөл, Жартаскөл, Алыпоқпан, Ұлықөл, Ұзынкөл, Үлкенкөл, Жаманкөл, Жаңакөл, Жақсы Жаркөл* және т.б.

1.2. Климат жағдайын айқындайтын гидронимдер. Потамонимдер: *Желқуар, Желқызыл, Суықбұлақ* және т.б. Лимнонимдер: *Күздік, Қарбасқан, Қатпаған, Мұздықөл, Жылысу* және т.б.

1.3. Түр-түсі, дәмінің ащы-тұщылығы және санын білдіретін гидронимдер. Потамонимдер: *Ақсу, Ақбасты, Қарасу, Қызыларық, Сарыөзен, Ащықарасу, Ащысу, Дәмді, Тұщы, Қырықкүй, Үйқарасу, Қосжалтыр* және т.б. Лимнонимдер: *Ақжол, Ақсор, Қара, Қарасор, Сарықона, Сұр, Шұбаркөл, Қызылкөл, Қоңырбай, Жалтыркөл, Ащыалакөл, Ащысукөл, Тұздыбөрілі, Тұзқұдық, Саумалкөл, Алтыкөл, Бессарыкөл, Жалғызкөл, Жетіжігіт, Қоссор, Үшкөліш, Жекекөл* және т.б. Гелонимдер: *Жалтырша, Қаракөл, Сарыкөл, Үшкөл, Ащыкөл, Қоскөл, Жеке, Ортаүшкөл* және т.б.

1.4. Өсімдік (фитоним), жануарлар (зооним) атымен аталған гидронимдер. Потамонимдер: *Алабұға, Жиделі, Миялы, Мойылды, Тобыл, Аққушық, Жыланды, Қарабие, Теке, Шортанды* және т.б. Лимнонимдер: *Аршалы, Бидайық, Талтомар, Шилі, Көңгүл, Аққусор, Бұзаужүрген, Құсмұрын, Сарышұнақ* және т.б. Гелонимдер: *Еменкөл, Қамысақ, Қоғалыкөл, Мүктікөл, Шеңгел, Арыстанкөл, Бірқазан (2 атау), Соналы (2 атау) Доңыз, Теке* және т.б.

2. Халықтың тұрмыс тіршілігіне байланысты гидронимдер (20,3%).

2.1. Адам (антропоним) атына байланысты гидронимдер. Потамонимдер: *Айтуар, Әйет, Бабаназар, Қарамырза, Телқара* және т.б.

Лимнонимдер: *Айсара, Алтынбай, Байжан, Байтемір, Көлбике, Естай* және т.б. Гелонимдер: *Ақжан, Бердібай, Естай, Мұқашев, Шаяхмет* және т.б.

2.2. Ру, тайпа (геноним) және халық (этноним) атына байланысты гидронимдер. Потамонимдер: *Ақбай, Еламан, Торғай, Тоғызак* және т.б. Лимнонимдер: *Адайкөл, Айдар, Керей, Қожса, Құнай, Уақкөл, Қырғыз (2 атау), Қалмаққара, Ноғайкөл, Татар* және т.б. Гелонимдер: *Байбол, Медет, Сақаукөл, Сарткөл, Торайғыр, Қарақыпшақ* және т.б.

2.3. Метафоралық тарихи оқиға және діни көзқарастар қалыптастырған гидронимдер. Потамонимдер: *Ақмола, Бозмола, Молалыайырық, Обаған*. Лимнонимдер: *Әулие Жолишара, Әулиесор, Әулиесу, Құдайкөл*. Гелонимдер: *Еншіалғанкөл, Бақышқонған, Төбелес, Қызмола, Обалыкөл, Сарыоба* және т.б.


3. Орыс тілінен енген (потамонимдер: *Гнилая, Каменка, Сурка*, лимнонимдер: *Батуркино, Заблудящего, Колдушка* және т.б.) және этимологиясы анықталмаған (лимнонимдер: *Бензе, Шануга*; гелонимдер: *Заимчан, Изульне, Ильны, Муссос, Обалгун, Топике*) гидронимдер (19,4%).

Белгілі ғалым Р.А. Агеева былай жазады: «Жердегі сулар – ағынды және ағынсыз, көл және батпақ, бұлақ пен жылға, өзен мен теңіздердің физикалық-географиялық, химиялық сипаттамалары алуан түрлі болады. Адамдар су нысандарына ат беруде нысанның қандай белгісі бірінші көзге түссе соны таңдаған. Мұндай атаулар кездейсоқ қойылмаған, олар қоршаған ортаның ерекшеліктерін маңызды ақпарлармен сипаттаған. Әрине, осымен гидронимдерді номинациялау тәсілі тоқтап қалмайды, сонымен қоса елді мекен атауымен, адам атымен, қандай да бір оқиға атауымен байланысты мемориалдық атаулар бар. Бірақ гидронимдерде қоршаған табиғи орта ерекшеліктерін сипаттайтын атаулар басым. Су атаулары әлем табиғатының айнасы» [1]. Осы тұжырымдамамен келісе отырып, өзендер мен көлдердің әртүрлі физикалық-географиялық сипаттамаларын олардың атауларынан аңғаруға болады.

**Зерттеу нәтижелері мен тұжырымы.** Гидронимдердің аумақтық жиынтығы болатындығы жөніндегі идея негізінде жергілікті табиғат жағдайларының, соның ішінде ең алдымен су нысандарының таралуына басты әсер ететін факторлар ретінде жер бедерінің сипаты мен климаттың кеңістіктік өзгерістері гидронимдердің лексикалық-семантикалық құрамындағы ерекшеліктердің болуына негізделеді. Гидронимдердің мағыналық жүктемесінің негізін құрайтын гидрографиялық терминология су нысандарының түріне (бұлақ, көл, өзен және т.б.) байланысты болады.

Су нысандарының атаулары олардың табиғи ерекшеліктеріне шаруашылық тұрғыда баға беру нәтижесінде қалыптасады [3]. Қостанай облысы гидронимдерінің лексикалық-семантикалық құрамына талдау жасау барысында «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» 14 томы материалдары пайдаланылды. Жинақталған облыстағы су нысандарының атаулары мағыналық тұрғыдан талданып, семантикалық топтарға жіктелді [7].

Статистикалық әдісті пайдалану нәтижесінде есептеулер жүргізіліп, Қостанай облысы гидронимиясының терминдік құрамы анықталды (сурет 2).



Сур.2. Қостанай облысы гидронимдерінің терминдік құрамы.

Қостанай облысында гидронимдердің терминдік құрамына талдау жасау барысында топоним құрауда белсенді (көл, сор, су, сай), белсенділігі орташа (томар, қопа, құдық), белсенділігі төмен (қамыс, бұлақ, қоға) терминдер анықталды. Облыс бойынша потамонимдер құрамында *сай*, *су* терминдері, лимнонимдер құрамында *көл*, *сор* терминдері ең көп кездеседі. Жалпы көл терминін Қазақстанның барлық аймақтарынан кездестіруге болады. Облыс аумағындағы анықталған 1173 лимнонимнің 305 көл термині негізінде жасалған.

Көлдердің көлемі, қазаншұңқыры, суының физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты жергілікті халық номинация принципі негізінде атау беруге ерекше мән берген. Көл терминімен жасалған атауларды 5 топқа жіктеуге болады: 1) морфометриялық өлшемдерін көрсететін (*Кішкенекөл* (3 атау), *Ұзынкөл* (6 атау), *Дөңгелеккөл*, *Шұқыркөл* (8 атау), *Ортакөл*); 2) судың физикалық-химиялық қасиетін сипаттайтын (*Ащыкөл*, *Ащысукөл*, *Саумалкөл* (4 атау), *Тұзкөл*); 3) антропоним, генонимдер арқылы туындаған (*Ахметкөл*, *Дәулеткөл*, *Жәңгіркөл*, *Адайкөл*, *Қожакөл*, *Ногайкөл*); 4)

өсімдіктер мен жануарлар дүниесін бейнелейтін (*Ағаштыкөл, Егінкөл (7 атау), Қамыстыкөл (5 атау), Қоғалыкөл, Талдыкөл, Балықкөл, Түлкілікөл. Ұлукөл, Шіркейкөл*); 5) метафоралық діни көзқарастарға байланысты аталған атаулар (*Құдайкөл, Молалыкөл, Қорғанкөл, Обакөл*).

Облыстағы лимнонимдердің 109 *сор* терминімен жасалған атаулар. *Сор* термині Ғ. Қоңқашбаев пікірі бойынша «жазда тартылып қалатын саяз сулы көлдер» дегенді білдіреді [5]. Э.М. Мурзаев сордың көптеген халықтардың терминалогиясында кең таралғанын атап көрсеткен. Орта Азия халықтарында «шор, шур» сортаң топырақ, дала, шөлейт, шөл белдемдеріне қарай мағынасының өзгеріске ұшырап, әртүрлі атауларға ие болатынын жазған [8].

Қостанай облысының гидронимдерінің кеңістіктік таралуы мен шоғырлануына ықпал ететін бірнеше факторларды ғалым К.Д. Каймулдинованың ұсынған факторларын негізге ала отырып анықталды [3]:

1. Жер бедері, яғни жер бедерінің жаратылысы және морфологиялық тұрғыда айырмашылық жасайтын типтерінде өзіндік гидронимдер жиынтығы қалыптасады. *Сай* – термині негізінде аумақта 64 өзен атаулары кездесіп отыр. Э.М. Мурзаев «*сай*» лексемасының мағынасын «малтатас шөгіндісі, тайыз жер, құрғақ арна, жырадағы жылға, өзен» мағынасында қарастырып, барлық түркі тілдес халықтарда кездесетінін, орыстың ғылыми әдебиеттерінде жиі қолданылатынын атап көрсеткен [8]. Ғалым Е. Керімбаев гидрографиялық *сай* термині орографиялық негізде қалыптасып, лексеманың ұзақ эволюциялық үдеріске ұшырап, тасты жазық, арна, өзен, жылға т.б. мағынаны білдіретінін және олардың жер бедерінің төменгі бөлігінен ағып шығып өзара байланыста жатқанын атап өтеді [4].

2. Тау жыныстары мен шөгінділердің сипаты. Су нысандары атауларында түсті білдіретін сөздердің болуына ғалымдар бұрыннан назар аударған. Қарасу атауымен аумақта 31 өзен атауы және 16 көл атауы анықталды. А.Н. Кононов көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болғанын айтады. «*Ақ*» ағып шығу, ағын су, түсіне емес оның биік тау мұздықтарынан ағып шығатынын анықтайды. «*Қара*» жердің суы, жер асты суымен қоректенетін өзен, керісінше ол да түсіне емес мөлдірлігімен ерекшеленетіні көрініп тұр» деп жазады [6].

Э.М. Мурзаевтың пікірінше «*Қарасу*» термині тау етегінен ыза суымен қоректенетін өзен, бұлақ мағынасында [8]. Ғ. Қоңқашбаев «*Қарасу*»

көл, жайылмалық су арнасы кеуіп қалған өзен арнасында жиналып қалған су жиынтығы деп қарастырады [5].

3. Су құрамы. Су нысандары атауларында су құрамын білдіретін термин топтарында да кеңістіктік шоғырлану болады. Облыс аумағында саумал терминімен жасалған көл атауы 4 рет кездесті. «*Саумал*» термині аздап қышқыл, кермек, тұздылау суға қатысты қолданылады. Аумақта *Тұздан Қарасу, Тұздыбөрілі, Тұздышы, Тұзкөл-2, Тұзқұдық* көл атаулары бар. «*Тұз*» термині негізінен шөкпе тұз қабаттары бар көлдердің атауларында кездеседі. «*Сор*» термині негізінде аумақта 106 көл атаулары кездесіп отыр. К.Д. Каймулдинова «*сор*» терминдері пенеплендердегі шығу тегі сор-дефляциялық ойыстарда орналасқан көлдердің атауларында болады деп жазады [3].

4. Су сапасы. Өзендер мен көлдердің суының сапасын шаруашылық тұрғыдан бағалау мақсатында гидронимдер құрамында «*жақсы-жаман*», «*ащы-тәтті*» антонимдері кездеседі. Облыс аумағында *Жақсы Қайыңды, Жақсы Саба, Жақсыишлі, Жаман Қайыңды, Жаман Саба, Жаманишлі, Ащысу, Ащықарасу, Ащыбұтақ* және т.б. өзен атаулары, *Жақсы-Алакөл, Жақсыболған, Жақсы Жаркөл, Жаман, Жаманай, Жаман-Аккөл, Жаман Жаркөл, Жаманке, Жаманкөл, Жамантай, Ащыалакөл, Ащыкөл-2, Ащысукөл* көл атаулары кездеседі. Потамонимдердегі осы термин күшті тасып, өткел бермейтін, аңғарында шөбі жұтаң, жағасы сортаңды өзендерді сипаттайды. Лимонимдердегі «*жаман*» анықтауышы жағалауы қолайсыз (батпақты немесе тұзды), суы ішуге және мал суаруға жарамсыз, жалпы алғанда, шаруашылық маңызы төмен көлдерді белгілеу үшін қолданылады.

Қазақстанның солтүстік бөлігінде орманды дала, дала және шөлейт зоналарын қамтып жатқан Қостанай облысының гидрономиясы күрделі құрылымымен және кеңістіктік таралуымен ерекшеленеді. Мұнда гидроним құрайтын терминдер жергілікті ерекшеліктерге, яғни жер бедерінің сипатына, тау жыныстары мен жаратылысы жөнінен әртүрлі шөгінділердің құрамы мен құрылысына, климат пен гидрологиялық жағдайға, органикалық дүниенің шаруашылық үшін маңызды элементтеріне ие болады.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесі бойынша Қостанай облысының гидронимдер бірлестігінің номинациялану дәрежесі су нысандары атауларының қоршаған табиғи орта ерекшеліктеріне байланысты номинациялануының (60,3%) басымдылығы физикалық-географиялық тұрғысынан сипатталды. Көлдердің тартылуынан пайда бола жүретін



*батпақ* атаулары Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда көптеп кездесетінін аңғардық. Біздің зерттеулерімізде гидронимдер ішінде ерекше орын алатын 588 гелоним атауы тіркелді. Қостанай облысы гидрономиясының терминдік құрамын анықтауда облыс бойынша потамонимдер құрамында *сай, су* терминдері, лимнонимдер құрамында *көл, сор* терминдері ең көп кездесетінін аңғартты. Тарихи-географиялық ақпараттарға негізделген Қостанай облысының гидронимдер жүйесі әлі де болса да тереңірек ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Агеева Р.А. Происхождение имен рек и озер. - Москва.: Наука, 1985. – 144 с.
2. Бейсенова А.С. Қазақстан географиясы. - Алматы.: Ұлағат, 2014. – 416 б.
3. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: Монография. - Алматы.: «Те-Солор» баспасы, 2010. – 280 б.
4. Керимбаев Е.А. Лексика-семантическая типология оронимии Казахстана. Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 24 с.
5. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1949. – 15 с.
6. Кононов А.Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Изв. отд. общ. наук АН ТаджССР. – Вып. 5. – 1954. – С.85-88.
7. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қостанай облысы. - Алматы, 2016. – 311 б.
8. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. – 653 с.
9. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
10. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикасы. - Алматы.: Эверо, 2018. – 352 б.
11. Сапаров К.Т. Гидронимы и характеристика рек Павлодарской области. // Гидрометеорология и экология. – 2011. – № 3 (62). С.160-170 с.

Қабылданды 19.04.2019

Доктор геогр. наук

К.Т. Сапаров  
А.М. Нурпейсова

## **ОСОБЕННОСТИ НОМИНАЦИИ ГИДРОНИМОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Ключевые слова:** гидроним, потамоним, лимноним, гелоним, номинация, индикатор-термин

*В статье рассмотрены особенности номинации гидронимов Костанайской области, которые составляют большую часть географических объектов области. Гидронимы, согласно их номинации сгруппированы, а также показаны несколько факторов их распространения и размещения. Определен терминологический состав более 2000 гидронимов, встречающихся на территории Костанайской области, которые показаны в виде диаграммы.*

К.Т. Saparov, A.M. Nurpeisova

## **FEATURES NOMINATION HYDRONYMS KUSTANAI REGION**

**Keywords:** hydronym, potamonym, limnonym, gelonym, nomination, termsindicators

*The article discusses the features of the hydronyms nomination in the Kustanai region, which constitute the majority of the geographical objects of the region. Hydronyms, according to their nomination are grouped, and also several factors of their distribution and placement are shown. The terminological composition of more than 2000 hydronyms occurring on the territory of the Kustanai region, which are shown in the form of a diagram, has been determined.*